



QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
PREZIDENTİNIŇ JANYNDAǴY
MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

ҚАҒИДАЛАРЫ

APA.KZ

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясы ректорының
2022 ж. «10» ақпандағы
№ 61 бұйрығына 1- қосымша

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясына
оқуға қабылдау қағидалары**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында (бұдан әрі – Академия) білім алушылар контингентін қалыптастыру заңдылықты, жариялылықты және ашықтықты қамтамасыз ету қағидастарында жүзеге асырылады.

Оқуға қабылдау рәсімі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі болып табылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) шеңберінде де, жеке және заңды тұлғалардың қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен де жүзеге асырылады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Академияға оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Академия Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

3. Астана мемлекеттік қызмет хабына қатысушы елдердің мемлекеттік қызметшілері болып табылатын шетелдік азаматтарды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Астана мемлекеттік қызмет хабының гранттық қаржыландыруы шеңберінде конкурстық негізде жүзеге асырылады. Үміткерлердің тізімін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қалыптастырады.

4. Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын және шетел азаматтарын Академияға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызметшілер жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға түсу конкурсына қатысуға, құжаттарды тапсыру сәтінде заңнамада белгіленген зейнеткерлік жас шегінен шықпайтын, оқудың және кейіннен жұмыспен өтеудің жиынтық мерзімдерін, сондай-ақ мемлекеттік органда олардың тұрақты штаттық лауазымды атқаруын ескере отырып, жіберіледі.

6. Мемлекеттік орган ұсынылатын мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Академияға оқуға жібереді.

7. Академия ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауды, оның ішінде магистратура білім беру бағдарламалары шеңберінде негізгі кәсіптік қызметті біріктіре отырып, модульдік оқыту принципі аясында, мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

7M031 Әлеуметтік ғылымдар;

7M041 Бизнес және басқару;

8D031 Әлеуметтік ғылымдар;

8D041 Бизнес және басқару.

8. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру, конкурстық іріктеуді жүргізу және Академияға оқуға қабылдау үшін жыл сайын Қабылдау және Конкурстық комиссиялар құрылады, олардың құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссиялардың құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және қалалар мен облыстар мәслихаттарының депутаттары, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық және халықаралық компаниялардың, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері, Академия қызметкерлері, сондай-ақ халықаралық сарапшылар кіреді.

Қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға үміткерлерді іріктеу жөніндегі Қабылдау комиссиясы туралы ережеге сәйкес барлық қабылдау кампаниясы бойы жұмыс істейді.

Конкурстық комиссиялар магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша құрылады.

2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

9. Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау Академияның ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

10. Үміткерлер жыл сайын 1 наурыз бен 23 шілде аралығында Академияның ақпараттық жүйесінде тіркеледі және электрондық форматтағы мынадай құжаттарды қоса тіркейді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органның жолдамасы¹.

Аппарат басшысы тағайындайтын тұлғалар үшін жолдамаға сол лауазымды тұлға қол қояды. Бұл ретте, басқа тұлғалармен (органмен) тағайындалған тұлғалардың жолдамасына үміткер жұмыс жасайтын мемлекеттік органның басшысы қол қояды.

Мемлекеттік орган оқуға жолдама бермеген жағдайда мемлекеттік қызметші ақпараттық жүйеде тіркелген кезде құжаттың жоқтығын көрсетеді.

Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызметшілерге оқуға жолдама Академияға алдын ала оқуға қабылдау қорытындылары бойынша беріледі.

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) қосымшасы бар жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі (магистратураға түсу үшін) немесе қосымшасы бар жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттың көшірмесі (докторантураға түсу үшін);

4) шетелдік азаматтарды қоспағанда, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі B1-ден төмен емес екенін растайтын QAZAQ RESMI TEST (<https://www.qrt.kz>) немесе QAZTEST (<http://kazakh-test.kz>) сертификаты.

5) докторантура бағдарламаларының, магистратураның «MIR – Master of International Relations» және «MBA – Master of Business Administration» бағдарламаларының үміткерлеріне ағылшын тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгеру деңгейін растайтын IELTS, TOEFL, TOEIC, PIPPLET немесе APTIS² халықаралық сертификаттарының бірі, келесідей нәтижелерімен:

магистратураға – IELTS кемінде 4,0 балл, TOEFL ITP кемінде 460 балл немесе TOEFL IBT кемінде 57 балл, APTIS – B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес, TOEIC кемінде 381 балл, PIPPLET – B1 (CEFR) деңгейінен төмен емес;

докторантураға және MBA – Master of Business Administration білім беру бағдарламасына – IELTS кемінде 5,5 балл, TOEFL ITP кемінде 543 немесе TOEFL IBT кемінде 87 балл, APTIS – B2 (CEFR) деңгейінен төмен емес, TOEIC кемінде 650 балл, PIPPLET – B2 (CEFR) деңгейінен төмен емес.

Бұл ретте Академия PIPPLET операторымен ынтымақтастық шеңберінде аталған тесттен өту бойынша ұйымдастырушылық көмек көрсетеді.

Ағылшын тілі оқыту тілі болып табылатын шетелдік және отандық білім беру ұйымдарында дәреже алған үміткерлер осы тармақшаның 2 және 3-абзацтарының талаптарынан босатылады. Бұл ретте, Академия қажет жағдайда растаушы құжаттарды сұратады.

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері үшін – жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған қызметтік тізім; өзге үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат;

7) докторантура бағдарламаларына үміткерлер үшін – зерттеу жұмысы (research proposal) жоспарының жобасы;

¹ - мемлекеттік білім беру тапсырысы, Астана мемлекеттік қызмет хабының гранты шеңберінде оқуға түсетін мемлекеттік қызметшілер үшін. Ақылы негізде оқуға үміткер тұлғалармен ұсынылмайды.

² - APTIS сертификатының жарамдылық мерзімі 2 жыл

8) электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қойылған электрондық өтініш, шетелдік азаматтар Академияның ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған өтінішті шығарып, оған қол қояды және өтініштің қол қойылған сканерленген нұсқасын жүктейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен негізгі кәсіптік қызметпен қоса кешкі уақытта және демалыс күндері оқыту форматымен модульдік оқыту қағидаты бойынша білім беру бағдарламаларына үміткерлер үшін Академияда оқуға құжаттарды қосымша қабылдау жыл сайын 23 қараша мен 15 желтоқсан аралығында жүзеге асырылады.

11. Үміткер Академияның ақпараттық жүйесінде тіркелген кезде Пайдаланушы келісіміне және жеке деректерді жинау мен өңдеуге арналған келісімге қол қояды.

12. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде үміткерлер оқуға қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

Шетелдік жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми орталықтары мен зертханалары Қазақстан Республикасының азаматтарына – «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлеріне берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтпей-ақ танылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары, сондай-ақ ғылыми орталықтары мен зертханалары берген білім туралы құжаттар оларда оқуды аяқтаған тұлғаларға тиісті куәлік беріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағында танылады.

13. Академия үміткерлердің деректері мен құжаттарының электрондық көшірмелерін үш жұмыс күні ішінде өңдейді. Үміткердің құжаттары осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, үміткердің Жеке кабинетінде өтінішке электрондық-цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қою қажеттілігі туралы өтінім мәртебесі көрсетіледі.

14. Үміткер құжаттардың толық емес топтамасын және/немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Академия құжаттарды қабылдау аяқталғанға дейін 3 күн ішінде үміткерге құжаттарды өтінімнің тиісті мәртебесімен толықтыру немесе ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлайды.

15. Үміткер құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды, сондай-ақ дұрыс емес ақпаратты ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдау аяқталған күні үміткердің жеке кабинетінде құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы өтінімнің мәртебесі көрсетіледі.

3. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

16. Магистратураның білім беру бағдарламаларына оқуға түсуші үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар тізбесі:

16.1. Магистратураның «Мемлекеттік басқару – Master of Public Administration» өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламасына, бір жыл оқу мерзімімен:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, құжаттарды тапсыру сәтінде саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік қызметшілері және «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері («А» санатының тобы – А-1, А-2, А-3), («В» санатының тобы – В-1, В-2, В-3), («С» санатының тобы – С-1, С-2, С-3), орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының өңіраралық және облыстық бөлімшелерінің, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы орталық мемлекеттік органдар бөлімшелерінің қызметшілері (С-О-1, С-О-2, С-О-3), («D» санатының тобы – D-1, D-2, D-3), жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстық атқарушы органдардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың атқарушы органдарының қызметшілері (D-О-1, D-О-2), («Е» санатының тобы – E-1, E-2) болып табылатын және басшылық лауазымда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде басшылық лауазымда кемінде екі жыл еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

16.2. Магистратураның «Халықаралық қатынастар – Master of International Relations» өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламасына, бір жыл оқу мерзімімен:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде немесе халықаралық ынтымақтастық мәселелерімен айналысатын орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінде, жергілікті мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде тиісті салада кемінде екі жыл жалпы еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады;

- Астана мемлекеттік қызмет хабының гранты есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісім бойынша кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар сыртқы саяси ведомстволардың қызметкерлері мен Астана мемлекеттік қызмет хабына қатысушы елдердің мемлекеттік қызметшілері қабылданады.

16.3. Магистратураның «Адами ресурстарды басқару – Master of Human Resource Management» және «Өңірлік даму – Master of Regional Development» өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламаларына, бір жыл оқу мерзімімен:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл жалпы еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

16.4. Магистратураның «Мемлекеттік саясат – Master of Public Policy» және «Экономика – Master of Economics» өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламаларына, екі жыл оқу мерзімімен:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар мемлекеттік қызметшілер болып табылатын тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл жалпы еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады;

16.5. «Мемлекеттік басқару» (Executive MPA) білім беру бағдарламасына негізгі кәсіптік қызметпен қоса кешкі уақытта және демалыс күндері оқыту форматымен немесе модульдік оқыту қағидаты бойынша, бір жыл оқу мерзімімен:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде басшылық лауазымда кемінде үш жыл еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

16.6. «Өңірлік даму магистрі – Master of Regional Development» білім беру бағдарламасына негізгі кәсіптік қызметті біріктіре отырып модульді оқыту принципі бойынша бір жыл оқу мерзімімен:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады;

16.7. «МВА – Master of Business Administration» білім беру бағдарламасына негізгі кәсіптік қызметті біріктіре отырып, модульдік оқыту принципі бойынша бір жыл оқу мерзімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде екі жыл еңбек өтілі бар, сонымен бірге кемінде бір жыл басшылық лауазымдағы тұлғалар қабылданады.

16.8. Докторантураның «Мемлекеттік басқару – Doctor of Public Administration», «Халықаралық қатынастар – Doctor of International Relations» және «Экономика – Doctor of Economics» білім беру бағдарламаларына өндірістен қол үзіп, үш жыл оқу мерзімімен:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар тұлғалар қабылданады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл жалпы еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Мемлекеттік қызметшілер қатарынан Президенттік жастар кадр резервінің мүшелері үшін 16.5 және 16.6-тармақтарда көрсетілген мемлекеттік қызмет өтіліне қойылатын талаптар қолданылмайды.

17. Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары бірдей білім беру деңгейінің мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қайта оқуға үміткер бола алмайды.

18. Құжаттардың жарамсыздығы және (немесе) үміткерлер ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайда Академия кез келген кезеңде құжаттарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

19. Үміткер білім беру бағдарламаларының біріне құжат тапсырады және таңдалған бағдарлама бойынша конкурстық рәсімдерден өтеді.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

20. Конкурстық іріктеуге Академияның ақпараттық жүйесінде тіркеуден өткен және осы Қағидалардың 10-16 тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келетін тұлғалар қабылданады.

21. Академияға оқуға түсуге конкурстық іріктеу келесідей кезеңдерден тұрады:

21.1. магистратураның бір және екі жыл оқу мерзімімен, өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламаларына конкурстық іріктеу екі кезеңнен тұрады:

1) кейсті шешу;

2) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат.

21.2. Өзге де қаржыландыру көздері есебінен негізгі кәсіптік қызметпен қоса модульдік оқыту қағидаты бойынша бір жыл оқу мерзімімен магистратураның білім беру бағдарламаларына және өзге де қаржыландыру көздері есебінен кешкі уақытта және демалыс күндері оқыту форматымен магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу бір кезеңнен – мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдеріндегі сұхбаттан тұрады.

21.3. докторантураның үш жыл оқу мерзімімен, өндірістен қол үзіп білім беру бағдарламаларына конкурстық іріктеу үш кезеңнен тұрады:

1) зерттеу жұмысы (research proposal) жоспарының жобасын бағалау;

2) кейсті шешу;

3) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде сұхбат.

22. Академияға оқуға қабылдау туралы шешім конкурстық іріктеудің барлық кезеңінен сәтті өткен үміткердің қорытынды бағасы негізінде қабылданады.

Қорытынды баға – балдардың үлес салмағын ескере отырып, конкурстық іріктеу нәтижелерін бағалауды жиынтықтау арқылы алынған балдардың жиынтығы.

23. Осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес, конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу тәртібі магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша конкурстық іріктеу кезеңдерін өткізу технологиясына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Магистратура мен докторантураға қабылдау тәртібі

24. Конкурс қорытындысы бойынша магистратура мен докторантураның

білім беру бағдарламалары бөлінісінде жинаған балдар сомасы негізінде үміткерлердің сараланған тізімі қалыптастырылады:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша;
- өз қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері есебінен.

Конкурстық іріктеуден өткен/өтпеген үміткерлерге оқуға қабылдау/қабылданбау туралы хабарлама жіберіледі.

25. Конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер білім беру бағдарламалары және қаржыландыру түрлері бойынша магистранттар мен докторанттар қатарына алдын ала оқуға қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурстық іріктеуден өтпеген және магистранттар/докторанттар қатарына қабылданбаған үміткерлер Қабылдау комиссиясы бекітетін, магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бөлінісінде жинаған балдарға сәйкес күту тізіміне енгізіледі.

Магистрант/докторант оқуға қабылдау туралы бұйрық бекітілгеннен кейін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан бас тартқан жағдайда, магистрант/докторант Академия басшылығының атына оны оқытуға нақты жұмсалған қаражатты өтеуге келісімін бере отырып, тиісті өтініш ұсынады.

Бос орынға, өзге қаржыландыру көздері есебінен магистратура және докторантура бағдарламаларына қабылданған тұлғаларды қоспағанда, оқу басталғаннан кейін жеті аптадан кешіктірмей, күту тізімі бойынша ең жоғары балы бар келесі үміткер қабылданады. Аталған тұлғалар күту тізімінен шығарылады.

26. Білім алушылар қатарына қабылдау үшін үміткерлер алдын ала қабылдау туралы бұйрық қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Академияның қабылдау комиссиясына мына құжаттарды ұсынады:

- 1) мемлекеттік органның жолдамасының түпнұсқасы;
- 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама;
- 3) салыстырып тексеру үшін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың түпнұсқасы қосымшасымен бірге. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады;
- 4) мемлекеттік қызметшілер үшін жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған қызметтік тізімнің түпнұсқасы, өзге үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат;
- 5) Тараптар қол қойған, оқуды ұйымдастыруға арналған Шарт.

27. Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша оқуға конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер Академия ректорының бұйрығымен қабылданады, оның ішінде:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша осы Қағидаларда көзделген үш жақты шартқа сәйкес, конкурс нәтижелері жарияланған сәттен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей;
- өз қаражаты есебінен, осы Қағидаларда қарастырылған шарт жасалған жағдайда және шарт талаптарына сәйкес ақы төленген жағдайда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаражат көздері есебінен, Академияның басқа ұйымдармен жасасқан келісім шарттарына сәйкес, осы Қағидаларда қарастырылған шарт жасалған жағдайда.

28. Академия білім алушылармен мынадай шарттардың түрлерін жасасады:

- осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалардың қаражаты есебінен Академия мен Білім алушылар арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған екі жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия, Білім алушы және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үш жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім алушының қаражаты есебінен, Академия, Білім алушы және мемлекеттік орган арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үш жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия, Білім алушы және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үш жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия, Білім алушы, әріптес ұйым және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген мемлекеттік орган арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған төрт жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Академия, модульді оқыту принципі бойынша Білім алушы және аталған тұлғаны Академияға оқуға жіберген заңды тұлға арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған үш жақты шарттар;

- осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, өз қаражаты есебінен, Академия мен өз қаражаты есебінен модульді оқыту принципі бойынша Білім алушы арасындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары (магистратура) бойынша оқуды ұйымдастыруға арналған екі жақты шарттар.

29. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша білім алушылар қатарына қабылдау оқуға қабылданғаны туралы хатпен расталады.

Академияда оқуға конкурстық іріктеуден өтпеген үміткерлерге жазбаша хабарлама жіберіледі.